

КЛИЕНТІНЕ ЖАДЫНАМА КҚИ МАҚЖ



ЖКО БОЛҒАН КЕЗДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

1. Көлік құралын тоқтатыңыз (қозғалмаңыз) және апаттық жарық дабылын қосыңыз, жол қозғалысы ережелерінің талаптарына сәйкес апаттық тоқтату белгісін орнатыңыз. ЖКО-ның басқа қатысушыларымен қақтығысқа түспеңіз.
2. Зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсетіңіз, көлік құралдарына қосымша зақым келтірмеу үшін қажетті шараларды қабылдаңыз.
3. Сақтандыру компаниясына 797 телефон арқылы қоңырау шалыңыз (ұялы телефоннан қоңырау шалу тегін) +7 727 250 22 22 және оқиға туралы хабарлаңыз.
4. Автокөлікті ЖКО орнынан қозғамаңыз, сондай-ақ оқиғаға қатысы бар заттарды жылжытпаңыз.
5. Жол полициясы инспекторының келуін күтіңіз. Жол полициясы қызметкерлерінің ЖКО-ның толық құжаттамалық ресімделуін, сондай-ақ автомобильдің барлық зақымдануларының толық көрсетілуін бақылаңыз.
6. Мүмкіндігінше ЖКО куәгерлерінен байланыс деректерін (аты-жөні, мекен-жайы, телефоны, автомобильдің мемлекеттік нөмірін) алыңыз.
7. Көлік құралын сақтандыру компаниясының өкілі тексерген сәтке дейін апат салдарынан бүлінген көлікті сол күйінде сақтаңыз.



САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНАН КЕЙІНГІ ӘРЕКЕТТЕР:

1. 3 жұмыс күні ішінде сақтандыру компаниясына ЖКО басталғаны туралы хабарлау қажет. Ауызша нысандағы хабарлама кейіннен 72 сағат ішінде жазбаша расталуы тиіс.
2. Сақтандыру компаниясының өкілдерінен сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың тізбесін алу.
3. Сақтандыру компаниясына зиянның мөлшерін анықтау туралы өтініш беру және оны сақтандыру компаниясының өкілі тексеруі үшін зақымдалған көлік құралын беру.
4. Сақтандыру компаниясы есептеген келтірілген залал сомасымен танысу және келісу.
5. Пайда алушының толық банктік деректемелерін қоса бере отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтініш беру.
6. Сақтандыру төлемін сақтандырушы Заңның 25-бабында көзделген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді.